

Жетісай жоғары медицина колледжінің қызметкерлеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде, қалыптастырылған анықтамасына талдау

ХАТТАМАСЫ

Жетісай қаласы

2023 жыл 27 шілде

Төрағалық етуші: Жетісай жоғары медицина колледжі директоры М.Токбергенов.

Қатысқандар: Колледждің ішкі талдау жүргізетін жұмысшы құрамы:

1. «Байтақ Болашақ» экологиялық одақ Республикалық қоғамдық бірлестігі Жетісай ауданы филиалының төрағасы: Бигожаев Ғалымжан.
2. «Мұрагер» «Бейбітшілік Шарты әскери күштерінің ардагерлері» республикалық бірлестігінің Жетісай ауданы бойынша филиалының төрағасы: Серманизов Манарбек.
3. «Германиядағы кеңес әскерінің тобы мен Варшава келісім шарты әскерінің тобы Ардегерлері (ГКӨТ, ВКШӨТ)» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Оралов Ерлан.

Күн тәртібінде

Сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін ішкі талдаудың жұмыстарының нәтижесінде алдын ала қортындыларын талқылау бойынша жария талқылау жиналысы.

Төрағалық етуші Жетісай жоғары медицина колледжі директоры М.Токбергенов сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін 2023 жыл 12 маусымында №36/нқ бұйрық шығарып, ішкі талдау жүргізуге жұмыс тобы құрылды.

Нәтижесінде, жұмыс тобы сыбайлас жемқорлыққа тәуекелділердің жоқ екенін анықтады.

Келесі сөзді комплаенс – офицері міндетін атқарушы Ж.Срайловқа берілді:

Білім беру ұйымдарының бос лауазымдарына орналасу, бос жұмыс орындарын жариялау Жетісай аудандық Халықты жұмыспен қамту орталығы, Электрондық биржа арқылы жүзеге асырылады.

Жұмысқа қабылданған қызметкерлердің барлығы 30 адамды құрайды олар 7-педагог, 1- іс жүргізуші, 2-аула сыпырушы, 1-жұмысшы,1-электрик, қосалқы оқытушы -3, зертханашы-5, еден жуушы-3, кір жуушы-1, вахтерша-2, ағаш ұстасы-2, бухгалтер-1, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер-1.

Жұмыстан босатылғандар саны 23 адам оның ішінде: маусымдық жұмысқа қабылданған 6 от жағушылар, бала күтімі демалысында отырған 12 , зейнет жасына жеткен 3 , өз өтініштері бойынша жұмыстан босатылған. Босатылған бос орындар жайлы еңбек. kz порталы арқылы электрондық келісім шарттары тоқтатылып бос жұмыс орындары жарияланған.

2. Қаржы-шаруашылық бөлімлері бойынша сыбайлас тәуекелдерін жою:

Мекемеге бөлінген қаржыларды қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалды.

-2023 жылға бекітілген қаржыландыру жоспарының 253043015 бюджеттік бағдарламасы бойынша 499 239,0 мың теңге жоспарлананып, 01.07.2023 жыл жағдайына 247272,0 мың теңге қаржыландырылып, 94,5% қаржы игерілді.

инвентаризациялық тізімдер бойынша:

-Мекеме ішінде 2022 жылдың 26 қыркүйектегі №43 н/қ бұйрығы негізінде тауарлы-материалды құндылықтарға түгендеу жұмыстары жүргізілген.

Жұмыс уақыты парағы бойынша қызметкерлердің ай сайынғы еңбекке ақы төлеу өз уақытысында толық көлемде жүргізілді.

Студенттерді ыстық тамақпен қамтамасыз ету конкурсы кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

Студенттерді ыстық тамақпен қамтамасыз етуге жоспарланған қаражат Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы тарапынан әр студенттің банктік есеп шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Шәкіртақы төлеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

Студенттерге шәкіртақы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысына сәйкес, аралық емтихан сессиясының нәтижелері бойынша "өте жақсы"-24090 теңге, "жақсы"-20948 теңге төленеді . Жетімдерге-27232 теңге шәкіртақы төленеді. Шәкіртақы бұйрыққа және сабаққа қатысу табеліне сәйкес, жеке банк картасына ақша аудару жолымен төленеді.

Жұмысшы тобының қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдінің жоқ екендігі анықталды деп өз сөзін аяқтады.

Қоғамдық бірлестіктерден келген азаматтар өз ойларын ортаға салып Жетісай жоғары медицина колледжінің түлектерін сапалы, саналы маман ретінде

көретіндіктерін айтты. Өз елін сүйетін, өз елінің нағыз патриоты ақ халатты абзал жандар өз еліне адал қызмет етеді деп өз сөздерін аяқтады.

Қаулы етеді:

1. Ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалған жоқ.
2. Әлеп нормаларын сақтау, ұжымдағы моральдық- психологиялық ахуалдың жай-күйін зерделеп отыруды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамына жүктеу.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар ары қарай жандандырылсын.

Төраға:
Хатшы:



М.Токбергенов
Н.Махметжан